



БҰЙРЫҚ

28.08.2021 ж.
Есбол селосы

ПРИКАЗ

№ 22
село Есбол

2020-2021 оқу жылындағы оқушылардың тамақтану сапасының мониторингін жүзеге асыру бойынша комиссия жұмысын ұйымдастыру; мектепте ыстық тамақ; ауыз су режимінің ұйымдастырылуы туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу» қағидаларын (ҚР Білім және ғылым министрінің 08.06.2020ж №235 бұйрығымен); Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық-дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысының 46-қосымшасына сәйкес күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитарлық – профилактикалық іс-шараларын, 2020-2021 оқу жылында мектеп бойынша міндетті оқу қорынан бөлінген қаржы есебінен аз қамтылған, көмек қажет ететін, ыстық тамақпен қамтылуға жататын оқушыларды анықтау комиссияның №1 хаттамасын басшылыққа алып **БҰЙЫРАМЫН:**

1.ҚР Білім және ғылым министрінің 08.06.2020ж №235 бұйрығының 69- тармағын басшылыққа алып 2021 жылдың 2 наурызынан бастап үш ай мерзімге келісім шарт негізінде жасақталсын.

2.Мектеп бойынша «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасынан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы бойынша 5-11 сыныптар арасындағы әлеуметтік нысан бойынша арнайы оқушыларға мектеп асханасынан тамақ беру 2021 жылдың 2 наурызынан бастап ұйымдастырылсын.

3.2020-2021 оқу жылында тамақтану сапасын бақылау мақсатында келесі құрамда комиссия құрылып, бекітілсін: (қосымша №1)

4.Мектеп оқушыларына ыстық тамақтың дұрыс ұйымдастырылуына комиссия мүшелері жауапты болып танылсын және тоқсан сайын ақпарат түрінде рәсімдеп педагогикалық кеңестің қаралуына ұсыну мектептің әлеуметтік педагогы А.Төреғалиеваға тапсырылсын.

5.Комиссия мүшелері бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес тамақтану сапасын бақылау мониторингісін жүргізсін. (күн сайын әзірленген дайын тамақтың сапасын тамақтың дайындалу кезіндегі тазалықтың сақталуы, оның бір қалыпты ыстық күйде болуы, тамақтың өлшемі мен дайындалу технологиясы бекітілген ас мәзіріне сай болуы).

6.Мектеп оқушылары тізімдегі жартылай жетім, аз қамтылған, көп балалы, күнкөрісі төмен жанұяның балаларын «Шамшарова» КХ ұйымдастыруы арқылы күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларын сақтай отырып мектеп асханасынан ыссы тамақпен қамтылсын (оқушылар тізімі қосымша №2)

7.Ыстық тамақты ұйымдастыру кезінде бір балаға 235тг мөлшерінде тамақтандыруға жүйелі түрде бақылау қамтамасыз етілсін.

8.Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №611 бұйрығының 122-тармағына сәйкес мектеп асханасында дайындалатын ыстық тамақ сапасын, ас мәзірін және сақтауда тұрған ішкі тамақтың сақталуын қадағалау мақсатында бракераждық комиссия құрылсын: (қосымша №3)

9.Асхана қызметкерлерінің медициналық тексеруден уақытылы өтуін бақылау және күн сайын тағамның сапасына органолептикалық бағалау жүргізіп, санитарлық қағидалармен бекітілген нысан бойынша бракераж журналына жазба енгізу мектеп медбикесі Г.Нуримоваға міндеттелсін.

10.Ауыз су режимін ұйымдастыру үшін білім алушылар мен тәрбиеленушілердің объектіде болатын барлық уақыт ішінде ауыз суға еркін қолжетімдігін қамтамасыз етуге жауапты әлеуметтік педагог А.Төреғалиеваға жүктелсін.

11.Осы бұйрықта басшылыққа алып, берілген жоспарға сай қаражатпен қамтып отыру мектеп есепшісі А.Кулбараковаға тапсырылсын.

12.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Ф.Тюрина

Есбол орта мектебінің

№ 22 санды «02» 02 2021 жылғы

бұйрығына қосымша №1

Мектеп директоры Ф.Тюрина



Мектеп бойынша 2020-2021 оқу жылында тамақтану сапасын бақылау мақсатында құрылған комиссия құрамы:

Комиссия төрайымы:

1.Ф.Тюрина – мектеп директоры;

Комиссия мүшелері:

2.А.Төреғалиева – мектептің әлеуметтік педагогы;

3. С.Қоржықбаева – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

4.Г.Нуримова – мектеп медбикесі;

5.А.Есенаманова – ана-аналар комитетінің төрайымы;

6.Э.Салихова – кәсіподақ комитетінің төрайымы;

7.Р.Маукенова – шаруашылық меңгерушісі.

Есбол орта мектебінің

№ 22 санды « 28 » 02 2021 жылғы

бұйрығына қосымша №3

Мектеп директоры Ф.Тюрина

Мектеп асханасында дайындалатын ыстық тамақ сапасын ас мәзірін және сақтауда тұрған ішкі тамақтың сақталуын қадағалау мақсатында құрылған бракераждық комиссия құрамы:

1. А.Төреғалиева – комиссия төрайымы мектептің әлеуметтік педагогы;
2. С.Қоржықбаева – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
3. Г.Нуримова – мектеп медбикесі;
4. А.Есенаманова – ана-аналар комитетінің төрайымы;
5. Э.Салихова – кәсіподақ комитетінің төрайымы;
6. Р.Маукенова – шаруашылық меңгерушісі.

Есбол орта мектебі бойынша штаттық режимдегі (5, 9,11) сыныптарда білім алып жатқан аз қамтылған оқушыларыды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы

22 ақпан 2021 жыл

Х А Т Т А М А №1

Қатысқандар:

Комиссия төрайымы: **Тюрина Фазила** - мектеп директоры
Комиссия мүшелері: **Есенаманова Ақтоты**- ата-аналар комитетінің төрайымы
Кулбаракова Айнур— мектептің бухгалтері
Төреғалиева Айсана – әлеуметтік педагог
Нуримова Гулнур – мектеп медбикесі

Күн тәртібі :

1. 2021 жылдың 1 наурызынан бастап білім алушыларды ыстық тамақпен қамтылуын ұйымдастыру бойынша «Шамшарова» КХ (мекен жайы: Махамбет ауданы, Еңбекшіл ауылы, Мустафа Шоқай көшесі, №47 үй,) қызмет көрсетуге, конкурс қорытындылары шығарылғанға дейінгі кезеңдегі қажеттілікке сәйкес, бірақ қаржы жылының үш айынан аспайтын мерзімге келісуі туралы шақырту хатын жіберу;
2. Штаттық режимде оқып жатқан сыныптар арасынан (5,9,11) әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасының шыққан балаларды мектеп жанынан берілетін тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету үшін оқушылар санын шығару.

Тыңдалды:

Ф.Тюрина – мектеп директоры. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылдың 8 маусымындағы №235 бұйрығының 70 тармағында көрсетілгендей, штаттық режимде оқитын оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ететін «Шамшарова» КХ (мекен жайы: Махамбет ауданы, Еңбекшіл ауылы, Мустафа Шоқай көшесі, №47 үй,) келісім-шартты үш айға дейін созыру туралы комиссия құрылып, «Шамшарова» КХ 2020 жылдан бері оқушыларымызды ыстық тамақпен қамтып келе жатқан мезгіл ішінде әр үш ай сайын асхана жұмысының тамақтандыру сапасының мониторингін жүргізу комиссиясының тексеру актісі бойынша барлық санитарлық талаптарға сай екендігін, тамақтардың дайындалуы ас мәзірінен ауытқымай, өз деңгейінде дайындалатындығын ескере отырып, сонымен қатар оқу жылының аяқталуына 3 ай уақыт қалғандықтан конкурс қорытындылары шығарылғанға дейінгі кезеңдегі қажеттілікке сәйкес, бірақ қаржы жылының үш айынан аспайтын мерзімге келісуі туралы шақырту хатын жіберу керек деп ойлаймын.

А.Төреғалиева – әлеуметтік педагог. – ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығының 5 қосымшасының стандартына сәйкес әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушылардың

күжаттарын жинап, өтініштерін алып, комиссиядан өткен оқушыларды көмек ретінде тегін ыстық тамақпен қамтуға міндеттіміз. Осыған орай Есбол орта мектебінде пандемияға байланысты тек штаттық режимдегі сыныптар білім алуда. Атап айтсам, 5, 9, 11 сыныптар штаттық режимде оқып жатыр. 5, 9, 11 сынып оқушыларыдың жалпы саны 31. Әлеуметтік осал топқа жататын балалардың ішінен барлығы мектеп бойынша 15 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылуы тиіс. Сондықтан да бүгінгі жиналыста өтініш берушілердің әрқайсысының тұрмыстық жағдайын ескеріп, отбасына кіретін табыс көзін зерделеп, соған сәйкес оқушының санын белгілеп, ыстық тамақ беруді қолға алу керек деп ойлаймын.

Қаулы етеді:

1. 2021 жылдың 1 наурызынан бастап білім алушыларды ыстық тамақпен қамтылуын ұйымдастыру бойынша «Шамшарова» КХ (мекен жайы: Махамбет ауданы, Еңбекшіл ауылы, Мустафа Шоқай көшесі, №47 үй,) қызмет көрсетуге, конкурс қорытындылары шығарылғанға дейінгі кезеңдегі қажеттілікке сәйкес, бірақ қаржы жылының үш айынан аспайтын мерзімге келісуі туралы шақырту хаты жіберілсін.
2. Штаттық режимде оқып жатқан оқушылардың ішінен әлеуметтік осал топ отбасы балаларын анықталып, тізімі жасақталып, мектеп жанынан берілетін тегін ыстық тамақпен қамтамсыз етілсін.

Комиссия төрайымы: **Тюрина Фазила** - мектеп директоры
Комиссия мүшелері: **Есенаманова Актоты**- ата-аналар комитетінің төрайымы
Кулбаракова Айнур— мектептің бухгалтері
Төреғалиева Айсана — әлеуметтік педагог
Нуримова Гулнур — мектеп медбикесі

Мектеп директоры



Ф.Тюрина